

3. Шатерникова А. Государственно-частное партнерство в Казахстане // Казахстанская еженедельная газета «Панорама». – 2012. - № 32. - С. 3.

4. Варнавский В.Г. Государственно-частное партнерство: некоторые вопросы теории и практики / В. Варнавский // Мировая экономика и международные отношения. - 2011. - № 9. - С. 41-50.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ақпаратты-талдамалы жүйесі // www.taldau.stat.kz

ҒТАМР 71.37.75

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ПОТЕНЦИАЛЫНА БАҒА БЕРУ

М.Ж. ӨМІРЗАҚОВА, А.С. НҮРҒАЗИНА

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аңдатпа. Туристік рекреациялық әлеуетті интегралдық бағалау аумақты туристік игерудің ерекшеліктерін анықтау бойынша бастапқы зерттеулерді жүзеге асыру үшін, туристік ресурстармен қамтамасыз ету бойынша әр текті ақпаратты ретке келтіру үшін қажет. Сонымен қатар, ол туристік бизнесті Стратегиялық жоспарлау кезінде бастапқы ақпараттық база ретінде әрекет етеді. Туризм мен рекреацияның экономикалық мәнін зерделеудің ресурстық тәсілі ғылымның қалыптасуындағы алғашқы зерттеушілерді толғандыра бастады. Осы уақытта туристік-рекреациялық процестерді зерттеудің ресурстық қағидатының негізгі ғылыми-әдіснамалық ережелері қалыптасты. Көптеген жылдар бойы өңірлік деңгейде жіті зерттеу пәні болып табылатын туризм мен рекреацияның ресурстық базасының әртүрлілігін жоғары бағалаған жөн. Зерттеушілердің көпшілігі ресурстар қазір немесе болашақта нақты аумақтың пайдаланылатын объектілері мен құбылыстары ретінде анықталады деген пікірді ұстанады, әлеует осы ресурстардың жиынтығын және ортаның (табиғи, экономикалық) қалған барлық жағдайларының әсерін білдіреді. Бұл контекст ғалым - географтар ортасында зерттеу міндеттеріне қарай ауытқу үлесімен басым болады және бір аумақтардың потенциалдарын ұқсас ресурстармен басқалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер. Туристік рекреациялық әлеует, туризм, рекреация, дестинация, тепе-теңдік балансы

Аннотация. Интегральная оценка туристского рекреационного потенциала необходима для осуществления первоначальных исследований по определению особенностей туристского освоения территории, упорядочения разнородной информации по обеспечению туристскими ресурсами. Кроме того, он выступает в качестве исходной информационной базы при стратегическом планировании туристского бизнеса. Ресурсный подход к изучению экономической сущности туризма и рекреации начал волновать первых исследователей в становлении науки. В настоящее время сформированы основные научно-методологические положения ресурсного принципа исследования туристско-рекреационных процессов. На протяжении многих лет следует высоко оценивать разнообразие ресурсной базы туризма и рекреации, которая является предметом интенсивного исследования на региональном уровне. Большинство исследователей придерживаются мнения о

том, что ресурсы определяются как используемые в настоящее время или в будущем объекты и явления конкретной территории, потенциал представляет собой совокупность этих ресурсов и влияние всех остальных условий среды (природных, экономических). Этот контекст преобладает в среде ученых - географов с долей отклонений в зависимости от задач исследования и позволяет сравнивать потенциал одной территории с аналогичными ресурсами с другими.

Ключевые слова: Туристский рекреационный потенциал, туризм, рекреация, дестинация, баланс равновесия

Abstract. Integrated assessment of tourist recreational potential is necessary for the implementation of initial studies to determine the characteristics of tourist development of the territory, the ordering of heterogeneous information on the provision of tourist resources. In addition, it acts as an initial information base for strategic planning of tourist business. Resource approach to the study of the economic essence of tourism and recreation began to excite the first researchers in the formation of science. At present, the basic scientific and methodological provisions of the resource principle of research of tourist and recreational processes are formed. Over the years, the diversity of the resource base of tourism and recreation, which is the subject of intensive research at the regional level, should be appreciated. Most researchers are of the opinion that resources are defined as currently or in the future used objects and phenomena of a particular territory, the potential is the totality of these resources and the impact of all other environmental conditions (natural, economic). This context prevails among geographers with a share of deviations depending on the objectives of the study and allows you to compare the potential of one territory with similar resources with others.

Key words: Tourism recreational potential, tourism, recreation, destination, balance of equilibrium

Ақтөбе облысының аудандары ішкі туризмді дамытуда өзіндік әлеуетке ие. Облыс облыстық бағыныстағы 12 ауданға бөлінген. Көптеген аудандарда ішкі туризмді дамытуға ықпал ететін өздерінің мәдени және табиғи объектілері бар. Оның дәлелі туристерге қызығушылық тудыратын әртүрлі көрікті жерлер, сәулет, тарих және табиғаттың бірегей ескерткіштері, діни нысандар болып табылады. Мысалы, батырлардың Отаны-Алтын Орда кезеңінің ескерткіші Абат – Байтақ қорымы, Қобда ауданындағы Қобыланды батыр кесенесі, Әйтеке би ауданындағы Ұлы хан Әбілқайыр Хан моласы, қолбасшы, билеуші және XIII ғасырдың саясаты, Мұғалжар ауданындағы Мұғалжар – ежелгі вулкандардың отаны, Айдарлыаша-халықаралық маңызы бар геологиялық тілік, Хромтау ауданындағы карбон және пермь эталоны.

Туристік орындардың транспорттық желімен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша сөз қозғайтын болсақ, Ақтөбе облысының көлік инфрақұрылымы су көлігінен басқа барлық көлік түрін қамтиды. Облыс аумағында еліміздегі үшінші ірі әуежай орналасқан. Бұл әуежай әуе тасымалының барлық түрлерін қабылдайды. Жылына 4000 – нан астам рейс жүргізеді. Сонымен қатар облыс аумағында темір жол вокзалы жұмыс жасайды. Вокзал күніне 17 рейске дейін 34 бағытта жүзеге асырады [1].

Рекреация табиғи ресурстарды пайдаланудың маңызды бағытына айналады, олардың әртүрлілігі осы саланы қалыптастырудың елеулі факторы болып табылады. Табиғи рекреациялық ресурстарды басқару, өңірде туризмді дамыту және осы саланың аумақтық құрылымын жетілдіру процесі, бірінші кезекте, табиғи рекреациялық ресурстардың сапасы мен таралуы туралы кең ақпаратты меңгеруді білдіреді. Бұдан басқа рекреациялық қызмет Табиғи ортаны қорғауды және оның жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шараларды ынталандыруға қабілетті. Дамудың ұтымды тәсілі кезінде ол табиғат пайдаланудың неғұрлым экологиялық түрлерінің біріне жатады, өйткені қолайлы экологиялық жағдай, сақталған табиғи ландшафтардың кең таралуы туристік қызметтің негізгі талаптарының бірі болып табылады.

Аумақтың рекреациялық әлеуеті өте өзгермелі, және ол аумақ орналасқан шектегі әлеуметтік-мәдени білімнің ерекшеліктеріне байланысты болып табылады [2].

Туризм және рекреация қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықтың ең ірі, жоғары табысты және неғұрлым серпінді салаларының бірі болып табылады. Шаруашылық саласы және қызмет түрі ретінде рекреация және туризм анық айқындалған ресурстық бағдарға ие салалар мен қызмет түрлерінің тобына жатқызады. Туристік және рекреациялық ресурстар- бұл туристік-рекреациялық әлеуеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта туризмді дамыту облыс үшін өзекті мәселе болып табылады. Ақтөбе облысының туристік рекреациялық әлеуетінің біркелкі болмауы, облыс аумағында бағалау жұмыстары қызметін одан әрі арттырады. Облыстың туристік рекреациялық даму потенциалына баға беруде біз тарихи мәдени блок бойынша, туристік блок бойынша, әлеуметтік – экономикалық блок бойынша және жағымсыз жағдайлар блогі бойынша баға берген болатынбыз. Облыстың туристік рекреациялық әлеуетін кешенді бағалау Гудковских М.В. бойынша тепе-теңдік балансы арқылы жүргізілді[3].


Кесте 1. Ақтөбе облысының ТРӘ деңгейін бағалау нәтижесі

Аудан аты	ТМБ	ТБ	ӘӘБ	Оң факторлар	ЖЖБ	Теріс факторлар	Жиынтық	Пайыздық үлесі
Алға ауданы	25,5	8	35,5	69	14	14	55	8,3
Әйтеке би ауданы	22,5	4	27,5	54	13	13	41	6,2
Байғанин ауданы	29	9	30,5	68,5	13	13	55,6	8,4
Бірғыз	22	8	27	57	12	12	45	6,8

ауданы								
Карғалы ауданы	21	8	35,5	64,5	14	14	50,5	7,7
Мартөк ауданы	13,5	8	38	59,5	14	14	45,5	6,9
Мұғалжар ауданы	23	7	35,5	65,5	16	16	49,5	7,5
Темір ауданы	16	6	33	55	12	12	43	6,5
Ойыл ауданы	22	7	27,5	56,5	11	11	45,5	6,9
Қобда ауданы	26	7	33,5	66,5	11	11	55,5	8,4
Хромтау ауданы	18	9	37,5	64,5	12	12	52,5	7,9
Шалқар ауданы	22	6	30	58	11	11	47	7,1
Ақтөбе қаласы	27,5	33	48	108,5	16	16	92,5	14,04
Барлығы:	271	120	436,75	827,75	169	169	658,75	100

ТМБ – Тарихи-мәдени блок, ТБ – туристік блок, ӘЭБ – әлеуметтік экономикалық блок, ЖЖБ -жайсыз жағдайлар блогі. Автор құрастырған және жасаған.

Ақтөбе облысының туристік – рекреациялық әлеуетін бағалау нәтежиесінде облыстың жалпы жиынтық баллы 658,75-ке тең болды. Зерттеу нәтежиесінде бізге белгілі болған мәліметтерге сүйенсек негізгі туристік рекреациялық әлеуеті өте жоғары деңгейде көшбасшы болып – Ақтөбе қаласы анықталады – 14,04 %. Ақтөбе қаласы туристік блок, әлеуметтік – экономикалық блок және тарихи мәдени блоктар бойынша қарсылас аудандардың барлығын басып озды. Бұл көрсеткіш Ақтөбе қаласының өзінің қалыптасқан маршруттар, дестинациялар жүйесі және дамыған инфрақұрылымы бар басты туристік орталық ретінде көрінетінін ескере отырып, толығымен ақталды.



Сурет 1. Ақтөбе облысының TRP деңгейін бағалаудың қорытынды нәтижесі

ТРӨ бағалау деңгейі бойынша жоғары деңгей 8,3-8,4 % аралықтарын қамтиды. Көрсетілген аудандардың қатарына Байғанин және Қобда ауданы – 8,4 % және Алға ауданы – 8,3 % жатады. Байғанин ауданы Қобда ауданынан тарихи мәдени блок пен туристік блокта алған шығатын болса, Қобда ауданы әлеуметтік – экономикалық блокта алдыға шығып, пайыздық есепті теңестірді. Сонымен қатар пайыздық есептің аталған екі аудан арасында теңесуіне Байғанин ауданының теріс факторлар бойынша алдыға шығуы сәбепші болды.

ТРӨ бағалау деңгейінің орташа деңгейі – 7,1 – 7,9 % аралықтарын қамтиды. ТРӨ дамуының орташа деңгейі – Шалқар ауданы (7,1 %), Мұғалжар ауданы (7,5 %), Қарғалы ауданы (7,7 %), Хромтау ауданы (7,9 %) тән. Тарихи – мәдени блок бойынша аталған топтың ішінде Мұғалжар ауданы көш бастаған болса, туристік және әлеуметтік – экономикалық блок бойынша Хромтау ауданы көш бастады.

Ресурстық әлеуетте әлсіз позициялары бар, бірақ өңірдің басты туристік орталықтарына жақын жерде немесе жанданған трассаларда тиімді жағдайы бар кейбір аудандар, мысалы (Мәртөк, Әйтеке би аудандары және т. б.) одан әрі демалудың түрлі нысандарын ұйымдастыру үшін жақсы перспективаларға ие. ТРӨ - нің халық шамасына тәуелділігі бар, мәселен өз аумағында бар Туризм және рекреация объектілері бар аудандар (Әйтеке би ауданы, Ырғыз ауданы, Ойыл ауданы) әлеуеті төмен топқа жатады, көп жағдайда халық санының төмен болуына байланысты.

ТРӨ бағалау деңгейінің төмен деңгейі – 6,2 - 6,9% көрсеткіштері аралықтарын қамтиды. Аталған аудандарға жататындар: Әйтеке би ауданы -6,2%, Темір ауданы – 6,5%, Ойыл және Мәртөк аудандары – 6,9%.

Туристік рекреациялық әлеуеттің шамасы уақыт өте келе өзгереді. ТРӨ нәтижелері аумақтың бастапқы ұстанымдарын білдіреді, нақты туристік ағындар айтарлықтай дәрежеде әлеуетті пайдалануға байланысты.

Туризм индустриясын белгіленген облыс аумағында дамыту мемлекет алдына ең алдымен туристік дестинация құру мақсатын қояды. Яғни, бұл мақсат аз урбандалған және демалыс көбірек табиғатпен байланыс арқылы өтетін территориялармен байланысты болып табылады. Өз кезегінде көзделген мақсат ауыл туризмінің дамуын да бір сатыға жоғары көтереді. Клиенттің өмір салтының ерекшелігі және оның жаңа психологиялық бағдары демалыс пен бос уақытты ұйымдастыруға жаңа көзқарасты талап етеді, яғни туризм индустрия үшін жаңа тұжырымдаманы және турөнімді жаңа толықтыруды қажет етеді.

Сұранысты іске асыру тұрғысынан Ақтөбе облысының туризм индустриясын дамыту мүмкіндігі салыстырмалы түрде орташа деңгейден жоғары болуына байланысты Ақтөбе облысын ішкі туризмді дамытуға қолайлы аймақ ретінде қарастыруға негіз бола алады.

Облыста 2017 жылғы санақ бойынша 854 520 адам тұратын болса, оның ішінде 429 462 облыс орталығындағы Ақтөбе қаласының тұрғындары болатын болса, 86 720 адам кіші қалалар тұрғындары. Аталған көрсеткішке байланысты облыс тұрғындарының 60 % қала тұрғындары екені анықталатын болса, өз кезегінде бұл көрсеткіш ішкі туризмді дамытуда Ақтөбе облысының мүмкін болатын сұраныс деңгейінің жоғарылығын анықтайды.

Ішкі туризмнің ұсынысты іске асыру тұрғысынан алатын болсақ, туристерді қабылдайтын ауылдық қоныстарда тұратын адам саны өте аз болмауы қажет. Туристік қызметі ұйымдастыру үшін жеткілікті еңбек қорларының болуы маңызға ие. Сонымен қатар, ауылдық қоныстардың тұрғындар саны шамадан тыс көп болуы да туристік қызметтің ұйымдастырылуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдай, туристердің демалыс орындарының адам санының көп жерде ұйымдастырылуы демалыстың негізгі мақсаты – тыныштыққа қол жеткізудің мүмкін болмайтынымен түсіндіріледі.

ТРӨ - ні кешенді бағалауды зерттеу нәтижелері оларды әртүрлі пайдалануға, қолдануға, түсіндіруге мүмкіндік береді. Бірінші нәрсе ақылға бірден келеді, бұл әдістеме келесі жұмыстар үшін кең өріс болып табылады. Мысалы, жеке потенциалдардың үлкен санын анықтау бойынша жекелеген ғылыми ізденістер жүргізу, мысалы, мұражай әлеуетін зерттеу, емдеу-сауықтыру немесе балалар туризмінің мүмкіндіктерін зерттеу, яғни жиналған материалдар одан әрі зерттеулер мен жобалардың көптеген түрлері үшін деректер базасы болып табылады.

Өңірде туризмді дамытудың практикалық тарапы туристік-рекреациялық ресурстарды бағалай отырып, жүйеленген тізбені білдіретін өңірдің туристік-рекреациялық ресурстарының бірыңғай кадастрын (тізілімін) құруды қажет етеді. Осы идеяны іске асыру үшін IT мамандарының жұмысын қосу қажет.

Анықталған нәтижелердің қолданбалы мәні оларды ұйымдар мен мекемелердің Ақтөбе облысында және оның әкімшілік аудандарында туризмді дамытудың мақсатты бағдарламаларын, стратегиялары мен тұжырымдамаларын әзірлеу немесе түзету үшін пайдалану мүмкіндіктерінен тұрады. Облыстың ТРӨ бағалау нәтижелерін мұқият талдау, сауатты жұмыс істеу және инвестициялау кезінде жаңа туристік объектілер пайда болуы мүмкін аумақтар туралы дұрыс мағұлмат береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Көліктік әлеует. [Электрондық ресурс]. Ақтөбе облысы әкімдігінің ресми сайты. URL: <https://Aktobe.gov.kz/> (қаралған күні 04.09.2019)

2.Монтанер Х.М. Структура туристического рынка.//Под ред. Н. С. Мироненко. Смоленск, НИК. 2000. 247с.

2.Гудковских М.В. Туризм в Тюменской области: Потенциал и территориальная организация//Автореферат на соискание ученой степени кандидата географических наук. – Пермь, 2018. – 23с.

МРНТИ 87.03

ОХРАНЯЕМЫЕ ПРИРОДНЫЕ ТЕРРИТОРИИ КАК ВАЖНЕЙШИЕ ОБЪЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ (НА ПРИМЕРЕ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН)

Г.Т. КУБЕСОВА

*Актыюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова,
г. Актобе, Казахстан*

Аннотация. Статья посвящена роли и значению охраняемых природных территорий в развитии экологического образования и воспитания подрастающего поколения. Важнейшие аспекты формирования и развития экологического образования и воспитания подрастающего поколения рассмотрены на основе изучения охраняемых природных территорий. Сделана попытка предоставить населению возможность общения с местными уникальными объектами природы. Отмечен недостаточный уровень развития образовательного аспекта в экотуризме, необходимость помимо показа природных достопримечательностей, принятия участия в решении экологических проблем. Проведен анализ деятельности образования, культуры, экологии. Показана роль экологических троп в восприятии пейзажного разнообразия местности. Даны рекомендации по поиску и реализации мероприятий направленные на охрану природных систем и биологического разнообразия, повышение экологической культуры, сохранение исторических, духовных, культурных традиций, подъем жизненного уровня местного населения.

Ключевые слова: экологическое мышление, туристская привлекательность, экологическая культура, экологическая тропа, биологическое разнообразие, памятников природы.

Аннотация. Мақала өскелең ұрпақты экологиялық білім беру мен тәрбиелеудегі қорғалатын табиғи аумақтардың ролі мен маңызына арналған. Өскелең ұрпақты экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді қалыптастыру мен дамытудың маңызды аспектілері қорғалатын табиғи аумақтарды зерттеу негізінде қаралды. Халыққа табиғаттың жергілікті бірегей объектілерімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беруге әрекет жасалды. Экотуризмде білім беру аспектісінің дамуының жеткіліксіз деңгейі, табиғи көрікті жерлерді көрсету, экологиялық проблемаларды шешуге қатысу қажеттілігі атап өтілді. Білім беру, мәдениет, экология қызметіне талдау жүргізілді. Білім беру, мәдениет, экология қызметіне талдау жүргізілді. Жердің пейзаждық әртүрлілігін қабылдаудағы экологиялық соқпақтардың ролі көрсетілген. Табиғи жүйелер мен биологиялық әртүрлілікті қорғауға, экологиялық мәдениетті арттыруға, тарихи, рухани, мәдени дәстүрлерді сақтауға, жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған іс-шараларды іздестіру және іске асыру бойынша ұсынымдар берілді.